



БЕКІРЕМІН

№8 «Күншуақ» бөбекжай-

балабақшасы МКҚК меңгерушісі

Ж.Саутбекова

05 2026ж.

**Жазғы шынықтыру-сауықтыру кешенінің циклограммасы**  
**1 апта**

Мектепке дейінгі ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы

Топ: ортаңғы «Кұлыншақ»

Балалардың жасы: 3 жас

Қандай кезеңге жасалды 01.06-05.06.2026ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.06.2026	Сейсенбі 02.06.2026	Сәрсенбі 03.06.2026	Бейсенбі 04.06.2026	Жұма 05.06.2026
Балаларды қабылдау	«Сиқырлы есік» арқылы күлімдеп қарсы алу	«Сиқырлы көпіршіктер» арқылы (сабын көпіршіктері)	«Көңілді саусақтар» амандасу (саусақпен "сәлем" суреттерін көрсету)	«Смайликтерді таңда» (бала көңіл-күйіне сай смайлик жабыстырады)	«Досынды құшақта» күні (балалар бір-біріне құшақ сыйлайды)
Таңғы гимнастика	Әнұран Маусым айына арналған картотека жинағы				
Гигиеналық шаралар	Салқын сумен жуыну. Сүртінуді. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы Өз-өзіне қызмет етуге баулу (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). <b>Ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған жаттығулар</b>				
Таңғы асқа дайындық	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу. <b>Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру.</b>				

<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жендерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.</p> <p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей</p> <p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жендерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру</p>				
<p><b>Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті</b></p>	<p><b>«Әрқашан күн сөнбесін!»</b> <b>Коммуникативтік дағды:</b> Балалармен мереке туралы әңгімелесу. «Мен мерекені жақсы көремін» тақырыбында өз ойларын айтқызу. Концертке дайындық кезінде ән сөздерін қайталау, тақпақтарды мәнерлеп айтуға үйрету. <b>Танымдық және зияткерлік дағды:</b> Асфальтқа салынатын суреттерді талқылау. Күннің, гүлдің, шардың түстерін ажырату, көлемін салыстыру. «Не артық?» дидактикалық</p>	<p><b>«Менің әлемім»</b> <b>Коммуникативтік дағды:</b> «Менің жақындарым» әңгіме алаңында балалар отбасы мүшелері туралы әңгімелейді. «Интервью» әдісімен бір-біріне сұрақтар қояды. Отбасы туралы әңгімені тыңдап, мазмұны бойынша пікір білдіреді. Әндерді бірге айтып, көңіл-күйлерімен бөліседі. <b>Танымдық және зияткерлік дағды:</b> «Отбасымды таны» ойынында балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін ажыратады. «Салыстыр» әдісімен үлкен мен кішіні анықтайды. Отбасымен ойнайтын ойын түрлерін еске түсіреді. Әңгіме кейіпкерлерінің әрекеттерін талдайды. <b>Шығармашылық дағды:</b> «Бақытты отбасы»</p>	<p><b>«Менің әлемім»</b> <b>Коммуникативтік дағды:</b> Серуен кезінде «Менің бауырларым», «Менің жақындарым» тақырыптарында балалармен пікірлесу. Балалардың отбасы мүшелерімен өткізетін қызықты сәттері туралы толық әңгімелеуіне мүмкіндік беру. Тақырыпқа байланысты көркем әңгіме оқып, мазмұнын талқылау. <b>Танымдық және зияткерлік дағды:</b> Балалардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. «Отбасы</p>	<p><b>Кәусәр бұлақ</b> <b>Коммуникативтік дағды:</b> «Кәусәр бұлақ» әңгіме алаңында балалар көрген мультфильмдері туралы әңгімелейді. «Интервью» әдісімен бір-біріне сүйікті кейіпкері жайлы сұрақтар қояды. Кейіпкерлердің сөздерін қайталап, шағын диалогтер құрады. Педагогтың сұрақтарына толық жауап береді. <b>Танымдық және зияткерлік дағды:</b> «Кейіпкерді тап» ойынында балалар патомимика арқылы көрсетілген кейіпкерді анықтайды. «Салыстыр» әдісімен жақсы және жаман кейіпкерлерді ажыратады. Кейіпкерлердің іс-әрекетін талдайды. Мультфильм мазмұнын</p>	<p><b>«Мен елімнің Ұланымын!»</b> Рәміздер күні <b>Коммуникативтік дағды:</b> «Рәміздер – ел мақтаншы» әңгіме алаңында балалар Отан туралы пікір бөліседі. Өлеңдерді мәнерлеп айтып, челленджге қатысады. «Интервью» әдісімен рәміздер туралы сұрақтарға жауап береді. Әндерді бірге орындайды. <b>Танымдық және зияткерлік дағды:</b> «Қай рәміз?» ойынында балалар Ту, Елтаңба, Әнұранды ажыратады. «Салыстыр» әдісімен рәміздердің ерекшеліктерін анықтайды. Ұлттық ойындардың атауларын есте сақтайды. Отан туралы түсініктері кеңейеді. <b>Шығармашылық дағды:</b></p>

	<p>ойынын ұйымдастыру. <b>Шығармашылық дағды:</b> Балалар шығармашылығынан концерт ұйымдастыру: ән айту, би билеу, тақпақ оқу. Асфальтқа түрлі түсті бормен «Күн», «Бақытты балалық шақ», «Достық» тақырыбында сурет салу байқауын өткізу.</p>	<p>шығармашылық шеберханасында балалар өз отбасын бейнелеп сурет салады. Ермексиздан отбасы мүшелерін мүсіндейді. «Отбасылық би» ойынында музыкамен қимылдар орындайды. Ұжымдық «Менің әлемім» панносын жасайды.</p>	<p>мүшесін тап» ойыны арқылы туыстық атауларды бекіту. Спорттық ойындар мен сайыстар туралы әңгімелесу, олардың ережелерін еске түсіру. <b>Шығармашылық дағды:</b> «Менің бақытты отбасым» тақырыбында сурет салу немесе құрастыру жұмыстарын ұйымдастыру. Отбасы туралы ән тындату, балалардың қалауы бойынша ән айтқызу.</p>	<p>есте сақтап әңгімелейді. <b>Шығармашылық дағды:</b> «Мультәлем» шығармашылық шеберханасында балалар сүйікті кейіпкерлерін суретке салады. Ермексиздан мультфильм кейіпкерлерін мүсіндейді. «Көңілді достар» ойынында кейіпкер қимылдарын музыкамен орындайды. Ұжымдық мультфильм панносын құрастырады.</p>	<p>«Менің Қазақстаным» шығармашылық шеберханасында балалар Ту мен күннің суретін салады. Түрлі түсті қағазбен рәміздерді жапсырады. «Ұлан биі» ойынында музыкамен патриоттық қимылдар орындайды. Суреттер көрмесін ұйымдастырады.</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (<b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b>)</p>				
<p><b>Күндізгі серуен</b></p>	<p>Бақылау: Аспанды бақылау Қимылды ойын: «Көбелек пен гүл» Еңбек: Құмды жерді тегістеу</p>	<p>Бақылау: Желдің әсерін сезіну (ағаштың қозғалысы) Қимылды ойын: «Жел мен шарф» Еңбек: Жапырақтард</p>	<p>Бақылау: Құстарға назар аудару Қимылды ойын: «Құстар мен тор» Еңбек: Құс ұясының астын тазарту</p>	<p>Бақылау: Шөптің пішіні мен түрі Қимылды ойын: «Секір, қозы!» Еңбек: Шөптерді суару</p>	<p>Бақылау: Гүлдерді бақылау Қимылды ойын: «Гүл теру» Еңбек: Құмырадағы гүлдерді суару Шығармашылық: Гүл</p>

	Шығармашылық: Құмға қол ізін салу Еркін ойын: Құмда машиналармен ойнау <b>Ауызға ештеңе салмау</b> «Құм, тас, жапырақ ойын үшін. Ауыз тек дәмді ас үшін!» <b>Табиғаттағы қауіпсіздік, экологиялы тәрбие</b>	ы жинау Шығармашылық: Сабын көпіршігін үрлеу Еркін ойын: Шарлармен ойнау <b>Жәндіктерді ұстамау</b> «Қоңыз, ара кішкентай тіршілік иелері. Олар қорықса, шағып алуы мүмкін.» <b>Табиғаттағы қауіпсіздік, экологиялық тәрбие</b>	Шығармашылық: Құстың суретін салу Еркін ойын: Қуыршақтармен ойнау <b>Ағашқа, биікке шықпау</b> «Биіктік қауіпті. Құлап қалуымыз мүмкін. Жерде ойнаған қауіпсіз әрі қызықты!» <b>Табиғаттағы қауіпсіздік, экологиялы тәрбие</b>	Шығармашылық: Жапырақпен сурет жасау Еркін ойын: Құрылыс құралдарымен ойнау <b>Су жанына жалғыз бармау</b> «Көлшік, арық болса тәрбиешімен бірге ғана жақындаймыз.» <b>Табиғаттағы қауіпсіздік, экологиялы тәрбие</b>	жапсыру Еркін ойын: Шелектен сұтасу <b>Тәртіпті серуендеу</b> «Жүгіру тек ойында. Жан-жағыңа қарап, тәртіппен жүреміз» <b>Табиғаттағы қауіпсіздік, экологиялы тәрбие</b>
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. ( <b>дербес кимыл әрекеті</b> ).				
<b>Гигиеналық шаралар</b>	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет етуге баулу (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).				
<b>Түскі асқа дайындық</b>	Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу.				
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті</b> ) Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті</b> ) Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті</b> )				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Тәтті ұйқы»	«Қазақтың	Жағымды қазақ	«Тәтті ұйқы»	«Қазақтың

	<p>Ұйықтар алдында шығыс әуені қойылады. Балалар сиқыршыға айналып, кілем үстінде малдас құрып отырады. Қолдарын тізелеріне қойып, иектерін тізелеріне тигізіп, көздерін жұмып, денелерін бос ұстайды. Әуен біткен кезде ақырындап, үндемей төсектеріне барып жатады.</p>	<p>ертегілері» кітапбынан ертегілер оқып беру, балалардың денесін сипалау, уқалау арқылы ұйықтату</p>	<p>әндері қосу: «Әлди-әлди ақ бөпем», «Балбөбегім», «Ұйықтасын тыныш сәбилер», «Кішкентай адам», т.б.</p>	<p>Ұйықтар алдында шығыс әуені қойылады. Балалар сиқыршыға айналып, кілем үстінде малдас құрып отырады. Қолдарын тізелеріне қойып, иектерін тізелеріне тигізіп, көздерін жұмып, денелерін бос ұстайды. Әуен біткен кезде ақырындап, үндемей төсектеріне барып жатады.</p>	<p>ертегілері» кітапбынан ертегілер оқып беру, балалардың денесін сипалау, уқалау арқылы ұйықтату</p>
<p><b>Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары</b></p>	<p><i>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)</i>          Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p>				
<p><b>Бесін ас</b></p>	<p>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)          Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p>				
<p><b>Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті</b></p>	<p>Әлеуметтік-эмоционалдық дағды:</p>	<p>Әлеуметтік-эмоционалдық дағды: «Достық отбасы»</p>	<p>Әлеуметтік-эмоционалдық дағды:</p>	<p>Әлеуметтік-эмоционалдық дағды: «Жақсы кейіпкер»</p>	<p>Әлеуметтік-эмоционалдық дағды: «Біз – достармыз»</p>

	<p>Балаларды бір-бірін қолдауға, қошемет көрсетуге тәрбиелеу. Бірлескен ойындар арқылы достық қарым-қатынас қалыптастыру. «Досыма жақсы тілек» ойынын ұйымдастыру.</p> <p><b>Физикалық дағды, Дене тәрбиесі әс әрекеті, Дене тәрбиесі әс әрекеті</b></p> <p>Музыка ырғағымен еркін қимыл-қозғалыс жасау. Қимылды ойындар ұйымдастыру: «Күн мен жаңбыр», «Шарды ұстап ал». Жүгіру, секіру, шеңбер бойымен қозғалу жаттығуларын орындау.</p>	<p>тренингінде балалар жақындарына арналған жылы тілектер айтады. Бірге ойын ойнап, ұйымшылдыққа тәрбиеленеді. Достарының әңгімесін тыңдап, қолдау көрсетеді. Сыйластық пен қамқорлық сезімі дамиды.</p> <p><b>Физикалық дағды, дене тәрбиесі әрекеті:</b> «Көңілді эстафета» ойынында балалар доп тасу, секіру жаттығуларын орындайды. Қимылды ойындар арқылы ептілік пен жылдамдық дамиды. Қол-аяқ координациясын жетілдіреді. Сергіту жаттығуларын жасайды.</p>	<p>Балаларды жақындарын құрметтеуге, сыйластыққа тәрбиелеу. Бірлескен ойындар арқылы достық қарым-қатынасты дамыту. Өз әсерлерімен бөлісуге ынталандыру.</p> <p><b>Физикалық дағды, Дене тәрбиесі әс әрекеті, Дене тәрбиесі әс әрекеті</b></p> <p>Балалардың отбасында ойнайтын спорттық ойындарын ұйымдастыру: доппен жарысу, кедергіден өту, эстафеталық ойындар. «Кім жылдам?» қимылды ойынын өткізу.</p>	<p>тренингінде балалар кейіпкерлердің жақсы қасиеттері туралы әңгімелейді. Бірге ойын ойнап, ұйымшылдыққа тәрбиеленеді. Достарының ойларын тыңдап, қолдау көрсетеді. Мейірімділік пен достық қарым-қатынас дамиды.</p> <p><b>Физикалық дағды, дене тәрбиесі әрекеті:</b> «Кейіпкерлер жарысы» қимылды ойынында балалар жүгіру, секіру, еңбектеу әрекеттерін орындайды. Патомимика арқылы қимылдарды қайталайды. Қозғалыс үйлесімділігі мен ептілігі дамиды. Сергіту жаттығуларын жасайды.</p>	<p>тренингінде балалар бір-біріне жылы лебіздер айтады. Ұлттық ойындарда ұйымшылдық танытады. Достарының өнерін мақтап, қолдау көрсетеді. Елге деген мақтаныш сезімі қалыптасады.</p> <p><b>Физикалық дағды, дене тәрбиесі әрекеті:</b> «Арқан тарту», «Тақия тастамақ» ойындарында балалар ептілік пен жылдамдықтарын көрсетеді. Жүгіру, секіру жаттығуларын орындайды. Қимылды ойындар арқылы қозғалыс үйлесімділігі дамиды. Сергіту жаттығуларын жасайды.</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
<p><b>Серуен</b></p>	<p>«Кім биік секіреді?»</p>	<p>«Көңілді пойыз»</p>	<p>«Шармен жарыс»</p>	<p>«Жел мен</p>	<p>«Көңілді шеңбер»</p>

	Балалар кезекпен секіріп, кім биік секіргенін бақылайды.	–Балалар тізбекпен жүріп, “пойыз” болып әндетіп қозғалады.	Допты (немесе шарды) аяқпен итеріп, белгіленген жерге жеткізеді.	<b>жалауша»</b> Бір бала жалауша болады, басқалары жел сияқты айналып, оны қуады.	Шеңбер бойымен жүгіру, секіру, тоқтау, шапшаң әрекет ету.
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b> ).				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Балаңызды күннің алғашқы сәулесінде серуенге шығарыңыз күнмен “дос” болу Д дәруменінің көзі.	Бала жазда көп қимылдайды. Жеңіл, теріге жайлы киім таңдаңыз.	Күн көзінде ұзақ болмауын қадағалаңыз. Көлеңке жаздағы достық көмекші.	Суға түсу кезінде қауіпсіздік ережесін сақтаңыз су ойын емес, жауапкершілік.	Таза су ішу бала ағзасына ең маңызды көмек. Күніне кемінде 4–5 рет су ішсін.